



«Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ

САПА МЕНЕДЖМЕНТ ЖҮЙЕСІ

ЕРЕЖЕ



БЕКІТЕМІН

Х. Досмұхамедов атындағы
Атырау университетінің
Басқарматөрағасы-ректор
С.Н. Идрисов
"28" 02 2022 ж.

МАГИСТРАНТТАРДЫҢ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ
(ЭКСПЕРИМЕНТАЛДЫҚ-ЗЕРТТЕУ) ЖҰМЫСТАРЫ
ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

СМЖ № 095



Атырау 2022 ж.

 ATYRAU UNIVERSITY	Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті	Басылым: үшінші
	Магистранттардың ғылыми-зерттеу (эксперименталдық-зерттеу) жұмыстары туралы Ереже	Стр. 3 из 22

Мазмұны

1	Қолдану аясы	4
2	Нормативтік сілтемемер	4
3	Негізгі терминдер мен анықтамалар	4
4	Жазбалар және қысқартулар	5
5	Жалпы Ережелер	6
6	Магистранттың МҒЗЖ/МЭЗЖ процесін ұйымдастыру	6
7	МҒЗЖ/МЭЗЖ-ға қойылатын талаптар	8
8	Магистранттың МҒЗЖ/МЭЗЖ есебі, талдау	10
9	Магистранттың ғылыми тағылымдамадан өтуі	10
10	Магистранттың ғылыми жетекшісіне қойылатын талаптар	11
11	Өзгертулер	11
12	Келісім алу, сақтау, тарату	11
13	Қосымшалар	13
14	Танысу парағы	21
15	Өзгерістер мен толықтыруларды тіркеу парағы	22

 ATYRAU UNIVERSITY	Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті	Басшылығым: үшінші
	Магистранттардың ғылыми-зерттеу (эксперименталдық-зерттеу) жұмыстары туралы Ереже	Стр. 2 из 22

	Лауазымы	Т.А.Ә.	Қолы	Күні
Жасақтаған	Ғылым департаменті директоры м.а.	А.М. Бакирбекова		18.02.22
Келісілді	Академиялық мәселелер жөніндегі проректоры м.а.	А.Е. Чукуров		25.02.22
	Ғылым және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор	Е.К. Айбульдинов		21.02.22
	Білім бағдарламасының академиялық сапасын арттыру және дамуын қамтамасыз ету офісінің жетекшісі	Ж.О.Сулейменова		22.02.22
	Сапа мониторингі кеңсесінің жетекшісі	Ж.Т.Кайшыгулова		23.02.22
	Заң кеңесшісі	К.С. Куанов		24.02.22

 ATYRAU UNIVERSITY	Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті	Басылым: үшінші
	Магистранттардың ғылыми-зерттеу (эксперименталдық-зерттеу) жұмыстары туралы Ереже	Стр. 4 из 22

1 Қолдану аясы

- 1.1 Бұл Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің (бұдан әрі - Университет) магистранттарының ғылыми-зерттеу (тәжірибелік-зерттеу) жұмыстарын басқару процесіне қойылатын талаптарды белгілеу үшін әзірленген магистранттардың ғылыми-зерттеу (тәжірибелік зерттеу) жұмыстары туралы Ереже.
- 1.2 Бұл ереже университеттің ішкі нормативтік құжаты болып табылады және менеджмент жүйесінің аудитін жүргізген кезде сертификаттау жөніндегі органдардың аудиторлары мен әріптес-клиенттерінен (олардың өтініші бойынша) басқа тараптарға көрсетілуге жатпайды.

2 Нормативтік сілтемелер

- 2.1 Бұл құжат нормативтік құжаттардың негізгі ережелеріне сәйкес жасалған:
- Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңы ;
 - Қазақстан Республикасының «Ғылым туралы» Заңы;
 - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты;
 - 2011 жылдың 20 сәуірінде №152 бекітілген Білім берудің кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру туралы Ереже (2018 жылғы 12 қазандағы түзетулерімен);
 - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2007 жылғы 29 қарашадағы №583 бұйрығымен бекітілген (2018 жылғы 28 қыркүйектегі өзгертулерімен) оқу-әдістемелік жұмыстарды ұйымдастыру және жүзеге асыру Ережесі.

3 Негізгі терминдер мен анықтамалар

Университет компоненті - білім беру бағдарламаларын әзірлеу үшін университеттің өзі анықтаған академиялық пәндер тізімі және академиялық кредиттердің тиісті минималды көлемі;

Құзыреттілік – оқу процесінде меңгерген білім мен дағдыларды кәсіптік қызметте тәжірибе жүзінде пайдалану;

Таңдау компоненті – ЖОО ұсынатын, пререквизиттері мен постреквизиттерін ескере отырып, кез келген академиялық кезеңде магистранттардың өздері таңдайтын оқу пәндерінің және академиялық кредиттердің тиісті ең аз көлемінің тізбесі;

Оқытудың кредиттік технологиясы – студенттердің академиялық кредиттерді жинақтаумен және (немесе) модульдермен жүйелі түрде іріктеу және өзін-өзі жоспарлау негізінде оқыту;

Магистр – магистратураның білім бағдарламасын меңгергендерге берілетін дәреже;

Магистрант – магистратурада оқитын тұлға;

Магистратура – кемінде 60-120 академиялық кредиттер меңгеруге міндетті «магистр» дәрежесімен оқытуға бағытталған жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру деңгейін бағдарламасы;

Магистрлік диссертация - таңдап алынған білім беру бағдарламасының теориялық және/немесе практикалық әзірлемелерін қамтитын қазіргі ғылым мен техниканың теориялық, әдістемелік және технологиялық жетістіктеріне негізделген тәуелсіз ғылыми зерттеу болып табылатын магистранттың ғылыми және педагогикалық қорытынды жұмысы;

Магистрлік жоба - профильді магистратура магистрантының таңдап алған білім беру бағдарламасының өзекті мәселесін шешуге мүмкіндік беретін, теориялық және

 ATYRAU UNIVERSITY	Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті	Басылым: үшінші
	Магистранттардың ғылыми-зерттеу (эксперименталдық-зерттеу) жұмыстары туралы Ереже	Стр. 5 из 22

(немесе) экспериментальды нәтижелері бар тәуелсіз зерттеу болып табылатын қорытынды жұмысы;

Ғылыми-зерттеу жұмыстары - ғылыми іздеуге, зерттеулер мен тәжірибелер жүргізуге бағытталған жаңа білім алуға, ғылыми гипотезаларды сынау, табиғат пен қоғамның даму заңдылықтарын белгілеу, ғылыми синтездеуге, жобаларды ғылыми тұрғыда негіздеуге байланысты жұмыстар. Ғылым мен тәжірибенің технологиялық жетістіктеріне негізделген және заманауи зерттеу әдістері қолданылған магистрлық ғылыми-зерттеу жұмыс негізгі бөлім мен бөлімдерін қамтиды.

Эксперименттік-зерттеу жұмыстары - магистрлік диссертацияның әдістемелік, практикалық аспектілерін енгізілген және экономикалық-математикалық әдістер қолданылған, сондай-ақ ғылыми зерттеулердің ерекше әдістері - әлеуметтік зерттеулер, эксперимент, байқау және т.б. жасалған жұмыс.

Білім беру бағдарламасы - білім берудің мақсаттары, нәтижелері мен мазмұны, оқу үдерісін ұйымдастыру, оларды жүзеге асырудың әдістері мен тәсілдерінің нәтижелерін бағалау критерийлері бар негізгі білім сипаттамаларының бірыңғай жиынтығы;

Постреквизиттер (Postrequisite) – пәнді/модулді аяқтағаннан кейін білімді, дағдыларды, қабілетті және құзыреттілікті меңгеруге қажетті пәндер және/немесе модульдер, пәндерінің басқа түрлері;

Пререквизиттер (Prerequisite) - оқылатын пәндерді және (немесе) модульдерді меңгеру үшін қажетті білімдер, дағдылар, қабілеттер мен құзыреттер бар пәндер және (немесе) модульдер және оқу жұмысының басқа түрлері;

Элективтік пәндер – ғылыми мектептері қалыптасқан әлеуметтік-экономикалық дамуы мен сұранысы бар белгілі бір аймақтың қажеттіліктерін ескере стырып, студенттің жеке дайындығын көрсететін, белгіленген академиялық кредиттер бойынша және білім беру ұйымы енгізген университеттің компонентіне және таңдау компонентіне енетін оқу пәндері;

Магистранттың жеке жұмыс жоспары – білім беру бағдарламасының негізінде ғылыми жетекшінің басшылығымен оқудың барлық кезеңінде өздігінен құрастырылатын білім алушының жұмыс жоспары.

Жеке оқу жоспары – білім беру бағдарламасы мен элективті пәндер каталогы бойынша эдвайзердің көмегімен әр оқу жылында өз бетімен қалыптастырылатын және магистранттың жеке жоспарының бір бөлігі болып табылатын білім алушының оқу жоспары;

4. **Жазбалар және қысқартулар**

АтУ – Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті;

АМЖП-Академиялық мәселелер жөніндегі проректор;

ҒжХБП-Ғылым және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор;

ПОҚ- Профессор-оқытушылар құрамы

УК – Университеттік компонент;

ЖОО – Жоғары оқу орны;

МЖМБС- Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты;

НҚ – Негізгі құзыреттілік;

ЭПК –Элективтік пәндер каталогы;

ҚР БжҒМ - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі;

МК – Міндетті компонент;

БББ – Білім беру бағдарламасы;

БМ – Бейіндік магистратура;

 ATYRAU UNIVERSITY	Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті	Басылым: үшінші
	Магистранттардың ғылыми-зерттеу (эксперименталдық-зерттеу) жұмыстары туралы Ереже	Стр. 6 из 22

ЖООКБ - Жоғары оқу орнынан кейінгі білім;
 ОӘК – Оқу-әдістемелік кеңес;
 ҒТК – Ғылыми-техникалық кеңес;
 ҒПМ – Ғылыми педагогикалық магистратура;
 СМЖ – Сапа менеджмент жүйесі;
 ЖОЖ – Жеке оқу жоспары;
 МЖЖЖ – Магистранттың жеке жұмыс жоспары;
 МҒЗЖ – Магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы;
 МЭЗЖ – Магистранттың эксперименталдық-зерттеу жұмысы;
 ҚББ-Құрылымдық бөлімнің басшысы.

5 Жалпы ережелер

- 5.1 Осы процедура бойынша барлық жұмыстарды ғылым департаменті, стратегиялар мен ғылыми жұмыстар жөніндегі факультет декандары, кафедра меңгерушілері, ғылыми жетекшілер бақылайды.
- 5.2 «Магистранттардың ғылыми-зерттеу (эксперименталдық-зерттеу) жұмысын» басқарудың бақылау жұмыстарын ҒЖХБП, ғылым департаментінің директоры, кафедра меңгерушілері және ғылыми-зерттеу жұмыстарына жауапты оқытушылар (ғылыми жетекшілер және ғылыми кеңесшілер) жүзеге асырады.
- 5.3 Ережені барлық санаттағы қызметкерлер (оқытушылар, зерттеушілер, магистранттар, университет қызметкерлері) орындауға міндетті болып табылады.

6 «Магистранттың МҒЗЖ/МЭЗЖ» үдерісін жоспарлау

- 6.1 Магистранттың МҒЗЖ/МЭЗЖ жоспарлау және ұйымдастыру БББ мен зерттеу тақырыбы негізінде жүзеге асырылады.
- 6.2 Магистрлік бағдарламаның міндетті компоненті:
 - 1) тәжірибелер, ғылыми немесе кәсіби тағылымдамалардың әртүрлі түрлері енгізе отырып, магистранттардың практикалық тұрғыдан дайындау;
 - 2) ғылыми-педагогикалық магистратураға ғылыми-зерттеу магистрлік диссертациясы орындау немесе мамандандырылған магистратура бойынша магистрлік жобаны іске асыру туралы тәжірибелік-зерттеу жұмыс орындау.
- 6.3 МҒЗЖ/МЭЗЖ білім беру бағдарламасында білім берудің немесе жеке кезеңмен қатар басқа түрлерімен де қатар жоспарланады.
- 6.4 Оқу үдерісін жоспарлау кезінде Университет ғылыми-педагогикалық магистратура бағдарламасының (2 жылдық оқу), жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламасына сәйкес мамандандырылған магистратура бағдарламасының компоненттерін бөлуде (1,5 жыл және 1 жылдық оқу) МЖМС белгіленген нормаларды басшылыққа алынады.
- 6.5 Ғылыми-педагогикалық бағыттағы магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы 24 кредит, профилді бағыт бойынша 18 кредит, оқу мерзімі 1,5 жыл, графилді бағыт бойынша 13 кредит, оқу мерзімі 1 жыл.
 1 академиялық кредит - 30 академиялық сағатқа тең. Әрбір академиялық кезеңдегі МҒЗЖ/МЭЗЖ кезеңдері мен ұзақтығы БББ және академиялық күнтізбе бойынша анықталады.
- 6.6 Магистрант ғылыми жетекшінің басшылығымен (А қосымшасы) жетекшілігімен құрастырылған МЖЖЖ негізінде оқиды.
- 6.7 МЖЖЖ оқудың барлық уақытына жасалады және төмендегідей бөлімдерден тұрады:
 - 1) ЖОЖ (қажеттілігіне қарай жыл сайын нақтыланады);
 - 2) ғылыми-зерттеу (тәжірибелік-зерттеу) жұмыстары (тақырыбы, зерттеу бағыты, мерзімі және есеп формасы);

 ATYRAU UNIVERSITY	Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университе-ті	Басылым: үшінші
	Магистранттардың ғылыми-зерттеу (эксперименталдық-зерттеу) жұмыстары туралы Ереже	Стр. 7 из 22

- 3) тәжірибе (бағдарлама, база, мерзімі мен есеп беру формасы);
 - 4) дәйектемесі мен құрылымы бар магистрлік диссертация тақырыбы (магистрлік жоба);
 - 5) магистрлік диссертацияның (магистрлік жоба) орындалу жоспары;
 - 6) ғылыми жарияланым мен тағылымдама жоспары.
- 6.8 ЖОЖ қалыптастыруды, жоспарлауды және педагогикалық практика бойынша есеп беруді оқу ісі жөніндегі проректор қадағалайды және бұл үдерістер ЖОЖ-ын қалыптастыру бойынша нұсқаулықпен, Х.Досмұхамедов атындағы АтУ –де кәсіби тәжірибені ұйымдастыру және жүргізу туралы Ережемен реттеледі .
- 6.9 Жыл сайын оқу жылы аяқталғаннан кейін магистрант жеке жұмыс жоспарының орындалуы бойынша академиялық аттестаттаудан өтеді. Магистрантты академиялық аттестаттаудан өткізу рәсімін ЖОО дербес айқындайды.
- 6.10 МҒЗЖ/МЭЗЖ тақырыбы, зерттеу бағыты, мерзімі мен есеп беру формасы осы Ереженің 7-бөлімінің 7.1 (7.2) -тармағына сәйкес анықталады.
- 6.11 МҒЗЖ/МЭЗЖ мақсаты - магистрантты өз бетімен ғылыми-зерттеу (эксперименталдық-зерттеу) жұмысын, магистрлік диссертациясын (жобасын) жазуға және сәтті қорғауға дайындау.
- 6.12 МҒЗЖ/МЭЗЖ міндеттері:
- ғылыми-зерттеу (тәжірибелік-зерттеу) жұмыстарын жүргізу және библиографиялық жұмыстарды жүргізудегі біліктілікті дамыту;
 - ғылыми-зерттеу (эксперименталды-зерттеу) жұмыстарын орындау кезінде туындайтын проблемаларды қалыптастыру және оларды шешу;
 - нақты зерттеу тапсырмалары негізінде (магистрлік диссертация (жоба) тақырыбы бойынша ғылыми жетекшінің тапсырмаларын негізге ала отырып) қажетті зерттеу әдістерін өзгерту, жаңа әдістерді әзірлеу;
 - зерттеу барысында заманауи ақпараттық технологияларды пайдалану;
 - деректерді талдау, өңдеу және аяқталған зерттеулерді әзірлемелер түрінде (ғылыми-зерттеу жұмысы туралы есеп, баяндама, ғылыми мақалалар, магистрлік диссертация (жоба)) ұсыну.
- 6.13 Магистранттың ғылыми-педагогикалық бағыттағы тәжірибесі стандық және шетелдік ғылымның заманауи теориялық, әдіснамалық және технологиялық жетістіктерімен, ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістерімен, эксперименталды деректерді өңдеу мен интерпретациялау мақсатында жүзеге асырылады.
- 6.14 Профилдік бағыттағы магистранттың өндірістік практикасы оқу үдерісінде алынған теориялық білімдерді бекіту, тәжірибелік дағдыларды меңгеру, магистрлік білім беру бағдарламасында кәсіби құзыреттілік пен кәсіби тәжірибе алу, сондай-ақ озық тәжірибені игеру мақсатында жүзеге асырылады.
- 6.15 Зерттеу (өндіріс) практикасының мазмұны диссертация (жоба) тақырыбы бойынша анықталады. Магистрантты практикаға жіберу университет ректорының бұйрығымен ресімделеді, кафедра меңгерушісінің ұсынысына факультет деканы мен ғылым департаментінің директорының бұрыштамасы қойылып, құзыреттілік және мансапты жоспарлау орталығы бұйрық шығарады. Магистранттың практикасын жалпы қадағалау мен ұйымдастыру мамандық дайындайтын кафедра жүзеге асырады. Магистранттың зерттеу (өндірістік) практикасына ғылыми жетекші жетекшілік етеді.
- 6.16 Мамандық дайындайтын кафедраларда мемлекеттік бағдарламаларға, іргелі немесе қолданбалы зерттеулер бағдарламаларына сәйкес немесе ұлттық басымдықтарға

 ATYRAU UNIVERSITY	Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті	Басылым: үшінші
	Магистранттардың ғылыми-зерттеу (эксперименталдық-зерттеу) жұмыстары туралы Ереже	Стр. 8 из 22

немесе мемлекеттік бағдарламаларға, негізгі немесе қолданбалы зерттеулер бағдарламаларына (бюджеттік бағдарламалар, Университеттің даму стратегиясы және т.б.) сәйкес магистрлік диссертациялар/жобалардың тақырыптары (диссертациялар/жобалар тақырыптар базалары) қалыптасады және университет сайтына орналастырылады.

Диссертациялар/жобалардың тақырыптарының дерекқоры жыл сайын жаңартылып, мамандық шығаратын кафедраның ұсынысы мен ғылым департаментінің эксперттік қорытындысы негізінде ғылым жөніндегі проректормен бекітіледі.

6.17 Магистрлік диссертация тақырыбын (жобасын) бекіту тәртібі:

-20 қыркүйекке дейін бірінші курстың магистранты диссертация тақырыбын (дәйектемесімен) және ғылыми жетекшісін (тақырыбы қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде) бекіту туралы университет ректорының атына өтініш жазады). Сонымен қатар магистрлік диссертацияның (жоба) тақырыбы, әдетте, диссертациялар/жобалар тақырыптарының деректер базасынан таңдалады. Бірақ, қажет болған жағдайда, магистрант бұрын қол жеткізілген нәтижелерге (бұрын жарияланған мақалаларға, бұрын алынған кәсіби тәжірибеге, жеке зерттеу мүдделеріне) сәйкес басқа тақырыпты таңдай алады;

-Өтініш берген сәттен бастап екі аптадан кешіктірмей, кафедра мәжілісінде магистранттардың тақырыбын таңдаудың негіздемесін тыңдай отырып, қарастырылады және магистрлік диссертация (жоба) тақырыбын және факультет Кеңесіндегі ғылыми жетекшінің ұсынысы бойынша шешім қабылданады немесе тақырыпты бекітпеу туралы дәлелді түрде бас тартады.

-5 қазанға дейін факультет деканы университет ректорына ұсыныс береді және магистрлік диссертацияларды (жобаларды) мақұлдау және ғылыми жетекшілер туралы факультет Кеңесінің шешімінің көшірмесімен бірге магистранттарға арналған тақырыптарға қойылатын талаптарға сәйкестігін талдау үшін ғылым департаментіне ұсынады.

-15 қазанға дейін университеттің ғылыми-техникалық кеңесі (ГТК) мәжілісінде бірінші курс магистранттарының магистрлік диссертацияларының (жобаларының) тақырыптары және ғылыми жетекшілерін тағайындау қарастырылады.

-Ғылыми-техникалық кеңестің шешімі негізінде ғылым жөніндегі проректор магистранттар (магистранттар) және магистранттардың ғылыми жетекшілерінің тақырыптарын қарастыру үшін Ғылыми кеңеске ұсынады.

-Ғылыми кеңестің шешімі негізінде магистрлік диссертациялар мен ғылыми жетекшілердің тақырыптарын ректор бекітеді. Бұйрық магистратураға оқуға түскеннен кейін 2 (екі) ай ішінде шығады.

6.18 Ғылыми басылым магистрлік диссертация тақырыбымен сәйкес келуі керек.

6.19 Магистрлік диссертацияның негізгі нәтижелері кемінде екі басылымда және/немесе ғылыми-практикалық конференцияда екі презентацияда ұсынылуы тиіс.

6.20 Кафедрада магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысын жоспарлау кезінде кафедра меңгерушілері келесі іс-шаралар өткізеді:

-ғылыми-зерттеу жұмыстарының бағыты мен мазмұнын ғылыми жетекшімен бірге анықтау;

-магистрдің диссертацияның орындалуы туралы жоспар құру;

-Ғылыми басылымдар, тәжірибелер жоспарын жасау ;

-жоспарлау, әдістеме, жобалау және зерттеу нәтижелерін рәсімдеу мен ұсыну мәселелері бойынша магистранттың ғылыми жетекшіден кеңес алуы.

 ATYRAU UNIVERSITY	Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті	Басалым: үшінші
	Магистранттардың ғылыми-зерттеу (эксперименталдық-зерттеу) жұмыстары туралы Ереже	Стр. 9 из 22

7 МҒЗЖ/МЭЗЖ қойылатын талаптар:

7.1 Ғылыми-педагогикалық магистратура МҒЗЖ қойылатын талаптар:

- 1) магистрлік диссертация жазылатын және қорғалатын магистратураның білім беру бағдарламасының профиліне сәйкес келеді;
- 2) өзекті және ғылыми жаңалығы мен тәжірибелік маңыздылығы бар;
- 3) ғылым мен тәжірибенің заманауи теориялық, әдістемелік және технологиялық жетістіктеріне негізделген;
- 4) Зерттеудің заманауи әдістерін қолдану арқылы орындалады;
- 5) негізгі қорғалатын ереже бойынша ғылыми-зерттеу (әдістемелік, тәжірибелік) бөлімдері бар;
- 6) тиісті білім саласындағы халықаралық озық тәжірибелерге негізделген.

7.2 МҒЗЖ нәтижелері келесі көрсеткіштерден кем болмауы қажет:

1-ші академиялық кезеңде диссертацияның тақырыбы және ондағы жұмыстың кестесі көрсетіліп, негізгі іс-әрекеттер мен оларды орындау мерзімдері көрсетіледі; диссертациялық зерттеудің мақсаттары мен міндеттерін белгілеу; таңдап алынған тақырыптың өзектілігін негіздеу және зерттелетін мәселенің ағымдағы жағдайының сипаттамалары; пайдаланылатын әдістемелік аппараттың сипаттамасы, зерттеудің теориялық негізі ретінде пайдаланылатын негізгі әдеби көздерді таңдау және зерттеу. Оқу жылының 2-жартысында ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижесі - қазіргі жарияланымдарға негізделген диссертациялық зерттеу тақырыбы бойынша әдебиеттерді егжей-тегжейлі талдау және зерттеу саласындағы жетекші сарапшылар алған негізгі нәтижелер мен қорытындыларды талдау, диссертацияда олардың қолданылуын бағалау. Әдебиеттерді шолудың негізі зерттелетін мәселенің теориялық аспектілерін, ең алдымен соңғы 3-5 жылдағы ғылыми монографиялар мен мақалаларды, ғылыми басылымда немесе халықаралық немесе республикалық конференция материалдары бойынша жариялау көздері болуы тиіс. Диссертациялық зерттеудің теориялық және тәжірибелік жұмыстарының кемінде 60% -ын орындау. Жылдың бірінші жартысында ғылыми-зерттеу жұмыстарының 2-ші жылының нәтижесі - деректер жинау әдіснамасын әзірлеуді, нәтижелерді өңдеу әдістерін, олардың сенімділігін және диссертацияны аяқтау үшін жеткілікті дәрежеде бағалауды қоса алғанда, диссертациялық жұмыстың нақты материал жинағы және кемінде 1 басылым болуы қажет. Диссертациялық зерттеудің теориялық және тәжірибелік жұмыстарының кемінде 90% -ын орындау.

МҒЗЖ 2-ші жылдың 2-жартысында ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижесі ғылыми мақалалардың бірінде немесе халықаралық немесе республикалық конференция материалдарында, магистрлік диссертацияның соңғы мәтінін дайындауда және ғылыми зерттеулердің нәтижелерін қалыптастыруда жариялану болып табылады.

7.3 Бейіндік магистратураның МЭЗЖ-на қойылатын талаптар:

- 1) магистратураның жобасы жүзеге асырылып, қорғалған магистратураның білім беру бағдарламасының профиліне сәйкес келеді ;
- 2) ғылымның, технологияның және өндірістің заманауи жетістіктеріне негізделген және нақты практикалық ұсыныстарды, басқарушылық тапсырмалардың дербес шешімдерін қамтиды;
- 3) озық ақпараттық технологияларды қолдану арқылы жүзеге асырылды;
- 4) негізгі қорғалған жұмыс бойынша тәжірибелік зерттеулер (әдістемелік, тәжірибелік) бөлімдерден тұрады.

7.4 МЭЗЖ нәтижелері келесі көрсеткіштерден кем болмауы қажет:

 ATYRAU UNIVERSITY	Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті	Басылым: үшінші
	Магистранттардың ғылыми-зерттеу (эксперименталдық-зерттеу) жұмыстары туралы Ереже	Стр. 10 из 22

1-ші академиялық кезеңде диссертацияның тақырыбы және ондағы жұмыстың кестесі көрсетіліп, негізгі іс-әрекеттер мен оларды орындау мерзімдері көрсетіледі; диссертациялық зерттеудің мақсаттары мен міндеттерін белгілеу; Диссертациялық зерттеу тақырыбы бойынша әдебиеттерді егжей-тегжейлі шслу, ол қазіргі жарияланымдарға негізделеді және зерттеу саласындағы жетекші сарапшылар алған негізгі нәтижелер мен мәлімдемелерді талдауды, диссертациялық зерттеу шеңберінде олардың қолданылуын бағалауды қамтиды. Әдебиеттерді шолудың негізі соңғы 3-5 жылда зерттелетін мәселенің практикалық аспектілерін анықтайтын дереккөз болуға тиіс. Диссертациялық зерттеудің теориялық және тәжірибелік жұмыстарының кем дегенде 40% -ын орындау.

2-ші жартыжылдықтың МЭЗЖ қорытындысы - ғылыми мақалада немесе халықаралық немесе республикалық конференция материалдары бәйынша кемінде 1 жарияланым болуы, магистранттың жобасының түпкілікті мәтінін дайындай отырып, диссертациялық жұмыстың нәтижелерін өңдеу әдістерін қоса алғанда, олардың сенімділігі мен жеткіліктілігін бағалау әдістерін қоса алғанда, эксперименталды зерттеулердің нәтижелерін ұсыну.

8 Магистранттың МҒЗЖ (МЭЗЖ) есеп беру, талдау

- 8.1 Жыл сайын, оқу жылының соңында магистрант жеке жұмыс жоспарын орындау үшін академиялық аттестаттаудан өтеді. Студенттің академиялық аттестациясын өткізу тәртібі осы Ереженің 8.2-8.6-тармақтарында сипатталған.
- 8.2 Магистранттың МҒЗЖ (МЭЗЖ) жоспарының орындалуы кафедра мәжілісінде комиссияда талқыланады. Кафедраның магистранттың жоспарын орындау немесе орындамауы туралы шешімі хаттамаға қорытынды түрінде көрсетіледі.
- 8.3 Әр академиялық кезеңнің (семестр) соңында МҒЗЖ (МЭЗЖ) нәтижелері бакалавриат есеп беру түрінде жазылады (Б қосымшасы) және оған сәйкес әрбір кезеңнің (семестр) соңында баға беріледі. МҒЗЖ (МЭЗЖ) бойынша есеп берудің нысандары: дерексіз хабарламалар, есептер, мақалалар, плакаттар туралы есептер, компьютерлік бағдарламалар, бейнематериалдар, макеттер.
- 8.4 МҒЗЖ (МЭЗЖ) бойынша магистранттардың жұмысы АтМУ Ережесіне сәйкес білім алушылардың жазба жұмыстарын тексеруге арналған «Антиплагиат» жүйесінен міндетті түрде тексеруден өтеді.
- 8.5 Орындалған МҒЗЖ (МЭЗЖ) нәтижелеріне сәйкес, ғылыми жетекші қорытынды жасайды (нақты уақыт тәртібінде бөлімдер мен бөлімшелерді іс жүзінде іске асыру, оларды кешіктіру жағдайында олардың нұсқауларын есепке алуға ұсынады). Ғылыми жетекші магистранттың МҒЗЖ (МЭЗЖ) көрсеткіштерін бағалау жүйесі бойынша бағалайды.
- 8.6 Магистранттың ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық есеп нәтижелері бойынша жетекші емтихан ведомостын толтырады. Магистранттың емтихан парағында әрбір академиялық кезеңнің соңында (семестр) ЖОЖ және академиялық күнтізбеге сәйкес баға беріледі.
- 8.7 Магистранттың ғылыми-зерттеу және эксперименталды-зерттеу жұмыстарының соңғы нәтижесі магистрлік диссертацияларды арнайы кафедраларда әдістемелік нұсқауларға сәйкес әзірленген және бекіткен магистрлік диссертация/магистрлік жоба болып табылады.
- 8.8 Магистрлік диссертацияларды рәсімдеу тәртібін, мазмұны мен талаптарын сақтау магистрлік диссертациялар/жобаларға қойылатын талаптар туралы көрсетілген кафедраның әдістемелік нұсқаулықтарында көрсетілген. әзірленген және бекітілген басшы принциптерде көрсетіледі.

 ATYRAU UNIVERSITY	Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті	Басылым: үшінші
	Магистранттардың ғылыми-зерттеу (эксперименталдық-зерттеу) жұмыстары туралы Ереже	Стр. 11 из 22

- 8.9 Магистрлік диссертация құрылымындағы, мазмұны мен ресімделуіне міндетті талаптар магистрлік диссертация / жоба туралы Ережеде айқындалады.
- 8.10 Магистрлік диссертация/магистрлік жоба плагиатқа қарсы жүйеге тексерілуі тиіс.
- 9 Магистранттың ғылыми тағылымдамасы**
- 9.1 Инновациялық технологиялармен және өндірістің жаңа түрлерімен танысу үшін ғылыми ұйымдарда және/немесе тиісті салаларда қызмет көрсету аясына қатысты салаларында ғылыми тағылымдамадан өту керек.
- 9.2 Ғылыми тағылымдама әріптес жоғары оқу орындарында, ғылыми ұйымдарда және / немесе тиісті салалардағы ұйымдарда немесе ынтымақтастық туралы Келісім (Меморандум) бойынша қызмет салаларында жүзеге асырылады.
- 9.3 Ғылыми тағылымдаманың орны мамандықтың ғылыми бағытына және магистрлік диссертация тақырыбына сәйкес келуі керек
- 9.4 Кафедра магистранттың тағылымдамадан өту орны мен мерзімі анықтайды.
- 9.5 Ғылыми тағылымдамадан өткеннен кейін 5 күн ішінде магистрант ғылыми тағылымдама туралы есепті ғылыми жетекші, кафедра меңгерушісі, факультет деканының қолдарын қойдырып, деканаттың мөрімен растап, тапсыруы тиіс.
- 10 Магистранттың ғылыми жетекшісіне қойылатын талаптар:**
- 10.1 Оқуға түскеннен кейін екі ай ішінде әрбір магистранттың магистрлік диссертациясына (жоба) жетекшілікке кемінде 5 жыл жұмыс тәжірибесі бар кандидаттар, ғылым докторлары, PhD докторлары немесе тиісті салалардағы білікті ғылыми мамандардан тағайындайды. Қажетті жағдайда, ғылымның тиісті салаларынан ғылыми кеңесшілер тағайындалады.
- 10.2 Магистранттың ғылыми жетекшісі мен зерттеу тақырыбы Ғылыми кеңестің шешімімен бекітіледі.
- 10.3 Сұратылған бағыттың бейініне сәйкес келетін «ғылым кандидаты» немесе «ғылым докторы» немесе «философия докторы (PhD)» немесе «бейіні бойынша доктор» ғылыми дәрежесі немесе «философия докторы (PhD)» немесе «бейіні бойынша доктор» академиялық дәрежесі немесе «философия докторы (PhD)» немесе «бейіні бойынша доктор» дәрежесі, кемінде үш жыл ғылыми-педагогикалық жұмыс өтілі бар, білім және ғылым саласындағы уәкілетті орган бекіткен ғылыми қызметтің негізгі нәтижелерін жариялауға ұсынылатын ғылыми басылымдардың тізбесіне (бұдан әрі - басылымдар тізбесі) енгізілген басылымдарда соңғы бес жыл ішінде 5 ғылыми мақаланың және JCR (ЖСР) деректері бойынша импакт-факторы бар немесе Science Citation Index Expanded, Social Science Citation Index немесе Arts and Humanities Citation Index в Web of Science Core Collection (Вэб оф Сайнс Кор Коллекшн) базаларының бірінде индекстелетін немесе Scopus (Скопус) деректер базасында Citescore (сайтскор) бойынша процентиль көрсеткіші кемінде 25 болатын халықаралық рецензияланатын ғылыми журналда 1 ғылыми мақаланың авторы болып табылатын оқытушы ғылыми жетекшілікті жүзеге асырады.
- 11 Өзгерістер**
- 11.1 Ережеге енгізілетін өзгерістер АМЖП рұқсатымен жүзеге асырылады және оның қолының қойылуымен құжатталып, бекітіледі. Түпнұсқаға және есепке алынған жұмыс даналарына өзгерістер мен толықтырулардың енгізілуі Ережелерді жасау тәртібі талаптарына сай жүргізіледі.
- 11.2 Түпнұсқаға және есепке алынған жұмыс даналарына өзгерістер мен толықтырулар енгізуге ҚББ жауапкершілікте болады.
- 11.3 Ережені ҚББ үш жылда 1 рет қайта қарап отырады.
- 11.4 **Ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізуге негіз бола алады:**

 ATYRAU UNIVERSITY	Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті	Басылым: үшінші
	Магистранттардың ғылыми-зерттеу (эксперименталдық-зерттеу) жұмыстары туралы Ереже	Стр. 12 из 22

-зандық күші бар нормативті-құқықтық актілерге енгізілген жаңартулар мен өзгерістердің болуы;

- Басқарма төрағасы-ректордың бұйрықтары;

- құрылымдық бөлімдер арасындағы міндеттердің қайта бөлінуі;

- құрылымдық бөлімдердің қайта құрылуы;

-ҚББ мен ҒЖХБП-дің рұқсат етілген, өзгертулердің себептері көрсетілген қызметтік хаты.

11.5 Мекеменің және құрылымдық бөлімдердің атаулары өзгерген жағдайда Ереже ауыстырылады.

11.6 Ереже ауыстырылған жағдайда өз күшін жойған Ережелерді университеттегі барлық даналары алынады және жаңасымен ауыстырылады.

11.7 Ескірген, күшін жойған Ережелерді жинап алуға және жаңасымен ауыстыруға ҚББ және СМЖ қызметі жауапты.

12 Келісім алу, сақтау және тарату

12.1 Қазақстан Республикасы нормативті-құқықтық актілері талаптарына сай жасалуын СМЖ қызметі жүзеге асырады.

12.2 Ережені ҚББ дайындап, жасайды.

12.3 Ереже келісімімен жасалады:

- АМЖП;

- СМЖ қызметімен;

- заң қызметінің жетекшісімен.

12.4 Ережені ректор бекітеді және оның күшін жоюына дейін қолданыста болады..

12.5 Ереженің түпнұсқасы СМЖ қызметінде сақталады.

12.6 Ереженің тіркеуге алынған жұмыс даналарын тиісті бөлімдерге жеткізуді СМЖ қызметі жүргізеді.

12.7 Құрылымдық бөлімдегі Ережелердің тіркеуге алынған жұмыс даналарын сақтауға ҚББ жауапты.

 ATYRAU UNIVERSITY	Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті	Бағылым: үшінші
	Магистранттардың ғылыми-зерттеу (эксперименталдық-зерттеу) жұмыстары туралы Ереже	Стр. 13 из 22

Қосымша А

МАГИСТРАНТТЫҢ ЖЕКЕ ЖҰМЫС ЖОСПАРЫНЫҢ ҮЛГІСІ

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті

.....факультеті
..... кафедрасы

«Бекітемін»
Факультет деканы
ТАӘ
«__»__ 20__ ж.
Хаттама №__ «__»__ 20__ ж.

«Келісілді»
Кафедра меңгерушісі
ТАӘ
«__»__ 20__ ж.
Хаттама №__ «__»__ 20__ ж.

Магистранттың толық аты-жөні

МАГИСТРАНТТЫҢ ЖЕКЕ ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ (МЖЖЖ)

Шифр және ББ атауы
Дайындау бағыты (ФИМ, БМ)
Оқуға қабылданған күні
Магистрлік диссертация (жоба)
тақырыбы:

қазақ тілінде

орыс тілінде

ағылшын тілінде

Ғылыми жетекші
Магистрлік диссертацияны (жобаны)
қорғайтын күні

Атырау, 20__ ж.

 ATYRAU UNIVERSITY	Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті	Бөлім: үшінші
	Магистранттардың ғылыми-зерттеу (эксперименталдық-зерттеу) жұмыстары туралы Ереже	Стр. 14 из 22

МАГИСТРАНТТЫҢ ЖЕКЕ ОҚУ ЖОСПАРЫ

Магистрлік білім беру бағдарламасы

« _____ »

№	Пәннің коды	Пәннің атауы	Кредит саны	Семестр	Бақылау формасы
1	Базалық пәндер (БП)				
	Барлығы				
2	Таңдау бойынша базалық пәндер (ТП)				
	Барлығы				
3	Бейіндік пәндер (БП)				
	Барлығы				
4	Таңдау бойынша бейіндік пәндер (ТП)				
	Барлығы				
5	Оқытудың қосымша түрлері (ОҚТ)				
	Барлығы				
6	Қорытынды аттестация				
	Барлығы				
	Барлығы				

Келісілді: Эдвайзер _____ 20 ____ ж. « ____ » _____
ТО жетекшісі _____ 20 ____ ж. « ____ » _____

 ATYRAU UNIVERSITY	Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті	Басылым: үшінші
	Магистранттардың ғылыми-зерттеу (эксперименталдық-зерттеу) жұмыстары туралы Ереже	Стр. 15 из 22

МАГИСТРАНТТЫҢ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫ

Ғылыми-зерттеу жұмыстардың есебін тапсыру ЖОСПАРЫ

Тақырыбы/ Зерттеу жұмысының атауы	Зерттеу бағыты	Есеп беру уақыты	Есеп беру формасы

ЖОБАЛАРҒА ҚАТЫСУ

Жобаның атауы, тіркеу нөмірі, ғылыми жетекшінің аты	Жүзеге асыру уақыты	Жоба деңгейі (мемлекеттік тапсырыс немесе келісім шарт)		
		халықаралық	Республикалық	Аймақтық, шаруашылық келісім- шарты

 ATYRAU UNIVERSITY	Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті	Басылым: үшінші
	Магистранттардың ғылыми-зерттеу (эксперименталдық-зерттеу) жұмыстары туралы Ереже	Стр. 16 из 22

МАГИСТРАНТТЫҢ ТӘЖІРИБЕДЕН ӨТУ ЖОСПАРЫ

Тәжірибе түрі	Семестр	Кредит саны	Тәжірибе базасы (атауы мен мекен-жайы)	Есеп беру формасы мен уақыты

ҒЫЛЫМИ ТАҒЫЛЫМДАМАН ӨТУ ЖОСПАРЫ

№	Жұмыс мазмұны	Мемлекет, ҒЗИ, ЖОО	Орындалу мерзімі	қорытынды	Орындалуы туралы ескертпе

 ATYRAU UNIVERSITY	Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті	Басылым: үшінші
	Магистранттардың ғылыми-зерттеу (эксперименталдық-зерттеу) жұмыстары туралы Ереже	Стр. 17 из 22

МАГИСТРЛІК ДИССЕРТАЦИЯ ТАҚЫРЫБЫН(ЖОБАНЫҢ) ТАҢДАУДЫҢ НЕГІЗДЕМЕСІ:

I. Зерттелетін жұмыстың өзектілігі:

II. Ғылыми жаңалығы:

III. Магистрлік диссертацияның (жобаның) негізгі міндеттері мен мақсаттары:

IV. Зерттеудің материалдары мен әдістері:

V. Диссертациялық (жобалық) жұмысты орындаудың күнтізбелік жоспары

№	Жұмыстың мазмұны	Жұмыстың орындалу мерзімі (ай, жыл)	Күтілетін нәтиже

VI. Күтілетін нәтиже:

VII. Әдебиеттер тізімі

Ғылыми жетекші: Т.А.Ә.

_____ « ____ » _____ 20 ____ ж.
(қолы)

Магистрант: Т.А.Ә.

_____ « ____ » _____ 20 ____ ж.
(қолы)

Кафедра мәжілісін же қаралды _____
хаттама № _____ « ____ » _____ 20 ____ ж.

Кафедра меңгерушісі _____ Т.А.Ә

Факультеттің оқу-әдістемелік кеңесінде бекітілді _____
хаттама № _____ « ____ » _____ 20 ____ ж.

Факультет деканы _____ Т.А.Ә

АтМУ Ғылыми Кеңесімен бекітілді

 ATYRAU UNIVERSITY	Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті	Басылым: үшінші
	Магистранттардың ғылыми-зерттеу (эксперименталдық-зерттеу) жұмыстары туралы Ереже	Стр. 18 из 22

хаттама № _____ « _____ » _____ 20__ ж.

МАГИСТРЛІК ДИССЕРТАЦИЯ ОРЫНДАЛАТЫН УАҚЫТ АРАЛЫҒЫ

I- II курс, _____ оқу жылы

№	Жұмыс мазмұны	Орындалу уақыты	қорытынды	Орындау үшін ескертпелер

Магистрант: ТАӘ _____ « _____ » _____ 20__ ж.
(қолы)

Ғылыми жетекші: ТАӘ _____ « _____ » _____ 20__ ж.
(қолы)

Кафедра мәжілісінде қаралды _____

хаттама № _____ « _____ » _____ 20__ ж.

_____ жылдары ғылыми нәтижелер бойынша басылымдар жариялау ЖОСПАРЫ

№	мақала /тезис / патент аты	Авторлардың ТАӘ, ғылыми дәрежесі (толық)	Баспа атауы/ Халықаралық конференция/ Патент нөмері	Орындалу мерзімі (ай, тоқсан, жыл)	Орындау үшін ескертпе
I курс					
II курс					

Магистрант: ТАӘ _____ « _____ » _____ 20__ ж.
(қолы)

Ғылыми жетекші: ТАӘ _____ « _____ » _____ 20__ ж.
(қолы)

 ATYRAU UNIVERSITY	Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті	Басылым: үшінші
	Магистранттардың ғылыми-зерттеу (эксперименталдық-зерттеу) жұмыстары туралы Ереже	Стр. 19 из 22

Б қосымшасы

МАГИСТРАНТТЫҢ ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСЫНА АРНАЛҒАН ЕСЕП БЕРУ ФОРМАСЫ

ХАЛЕЛ ДОСМҰХАМЕДОВ АТЫНДАҒЫ АТЫРАУ УНИВЕРСИТЕТІ КАФЕДРА

«Бекітемін»
Факультет деканы
ТАӨ
«_____» _____ 20__ ж.
Хаттама № _____ «_____» _____ 20__ ж.

«Келісілген»
Кафедра меңгерушісі
«_____» _____ 20__ ж.
_____ Кафедра
(кафедра атауы)
мәжілісінде
талқыланды _____
Хаттама № _____ «_____» _____ 20__ ж.

Магистранттың 20__ жылға арналған ғылыми-зерттеу жұмыстарының
ЕСЕБІ

Магистрант ТАӨ: _____
Магистратура бағдарламасы мамандығының шифры мен атауы

Магистрлік диссертация тақырыбы: _____
«_____» _____ 20__ ж Университет ФК мәжілісінде № _____ хаттамасы.

Магистратура бағдарламасы бойынша оқу мерзімі: 20__ жылдан 20__ ға дейін

Магистрлік диссертация қорғайтын уақыт: _____ 20__ ж.

Магистрант _____ қолы, уақыты

Ғылыми жетекші _____ ТАӨ қолы, күні

Атырау 20__ ж.

 ATYRAU UNIVERSITY	Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті	Басылым: үшінші
	Магистранттардың ғылыми-зерттеу (эксперименталдық-зерттеу) жұмыстары туралы Ереже	Стр. 20 из 22

МҒЗЖ бойынша магистрант есебінің мазмұны

1. Магистранттың жеке жұмыс жоспарын іс жүзінде іске асыру (МҒЗЖ магистратураға сәйкес толтырылған).

№	Жұмыс мазмұны	Жоспарланған орындалу мерзімі	Нақты орындалған уақыты	Орындалмау себептері
1.	Магистрлік жұмыстың тақырыбы мен жоспарын ғылыми жетекшімен келісу және бекіту	Қыркүйек-қазан		
2.	Университеттің Ғылыми кеңесінде магистрлік диссертация / жоба тақырыбын бекіту	қазан		
3.	Диссертация тақырыбы бойынша әдебиеттермен танысу	Магистранттың ЖОЖ-на сәйкес		
4.	Жабдықтарды, есептеу әдістерін зерттеу, бағдарламалық қамтамасыз ету	Магистранттың ЖОЖ-на сәйкес		
5.	Эксперименталды зерттеулер жүргізу	Магистранттың ЖОЖ-на сәйкес		
6.	Мақала жазу, жұмыстың материалдары туралы есеп жазу	Магистранттың ЖОЖ-на сәйкес		
7.	Диссертацияның / жобаның тақырыбын анықтау және бекіту	Магистранттың ЖОЖ-на сәйкес		
8.	Диссертация / жоба жазу	Магистранттың ЖОЖ-на сәйкес		
9.	Демонстрациялық материалдарды дайындау және қорғау дайындау	Магистранттың ЖОЖ-на сәйкес		

2. Магистранттың ғылыми-зерттеу тақырыбы бойынша конференциялар, ғылыми семинарлар, дөңгелек үстелдер мен жарияланымдарға қатысуы (жарияланым түрі, жарияланым атауы, баспа орны, баспа парақтарының көлемі).

№	Мақала аты	Баспа және орны	Баспа бет саны

3. Научная стажировка за отчетный период.

№	Тағылымдама курс атауы	Тағылымдамадан өтетін орны	Өтетін уақыты

4. Шетелдік жоғары оқу орындарының профессор-оқытушыларының сабақтарына қатысу.

5. Шет тілін үйрену.

6. Ұйымдастыру және басқа да жұмыс түрлері.

Магистрант
Ғылыми жетекші

қолы
қолы

ТАӘ
ТАӘ



**Магистранттардың ғылыми-зерттеу
(эксперименталдық-зерттеу) жұмыстары туралы
Ереже**

Стр. 21 из 22

[illegible]



**Магистранттардың ғылыми-зерттеу
(эксперименталдық-зерттеу) жұмыстары туралы
Ереже**

Стр. 22 из 22

[illegible]